

## **Визаны қалай алуға болады?**

### **Британдық визаны алуға құжаттарды қалай тапсыруға болады?**

#### **Мен ақпаратты қайдан ала аламын?**

Ұлыбританияның иммиграциялық ведомствосы және Қазақстандағы Ұлыбритания Елшілігі коммерциялық ұйыммен, VFS компаниясымен серіктестікте жұмыс істейді.

Сізге виза керек пе, және визаны алуға құжаттарды қалай беру керектігі туралы ақпаратты **VFS веб-сайтынан** ала аласыз. Сондай-ақ Сіз өз сұрақтарыңызды **электрондық почта** немесе телефон (8-809-0804040) бойынша қоя аласыз. Қоңыраудың **ақылы** және минутына 200 теңге тұратынын ескеріңіз. VFS-пен берілетін барлық ақпарат тексерілген және Ұлыбританияның иммиграциялық ведомствосымен мақұлданған.

#### **Ақпарат үшін төлеу керек пе?**

Анықтама қызметіне (Call Centre) қоңырау шалу – ақылы, бірақ веб-сайттағы ақпарат және электрондық почта бойынша тегін беріледі.

#### **Кеңесті қай жерден алуға болады?**

VFS қызметкерлері Сізге сауалнаманы толтыру мәселелері бойынша немесе Сізге визаның қандай типіне құжаттар тапсыру керектігіне кеңес бере алмайды. Егер Сізге құжаттарды беруде көмек көрсету немесе Ұлыбританияға кіру ережелері және талаптары бойынша кеңес беру керек болса, Сіздің иммиграция мәселелері бойынша білікті кеңес берушіге баруыңыз керек. Бұл Ұлыбританияда қызметі Office of the Immigration Services Commissioner ұйымымен реттелетін, иммиграция бойынша кеңес берушілер, не болмаса заңды қауымдастықтарға біріктірілген, кәсіби заңгерлер:

#### **Виза алу үшін құжаттарды қайда тапсыру керек?**

VFS Сіз онда құжаттарыңызды және өзіңіздің биометриялық мәліметтеріңізді тапсыруыңыз керек болатын, **Алматыдағы Британдық виза орталығының** жұмысын басқарады.

#### **Менің виза алатынымды не алмайтынымды кім шешеді?**

Ұлыбританияның иммиграциялық ведомствосының қызметкерлері Сіздің құжаттарыңызды қарастырып, Сіздің визалық өтінішіңіз бойынша шешім қабылдайды. VFS және Виза орталығының қызметкерлері Сіздің өтінішіңіз бойынша шешім қабылдау процесіне қатыспайды. Олар шешім қабылдауға қандай да бір әсер ете алмайды. Егер Виза орталығы қызметкерлерінің біреуі Сізге виза алуыңызға жәрдемдесе алатынын айтса, Сіз бұл туралы Елшілікке дереу хабарлауыңыз керек.

#### **Жұмыс стандарттары – шағымдар мен пікірлер**

Ұлыбританияның иммиграциялық ведомствосы және Қазақстандағы Ұлыбритания Елшілігі өздерінің барлық клиенттеріне қатысты жоғары жұмыс деңгейін және кәсіби істі қамтамасыз етуге ұмтылады. Біз өз жұмысымызды жақсартуға көмектесетін, Сіздердің ескертулеріңіз мен ұсыныстарыңызды қарастыруға әрқашан қуаныштымыз.

Егер Сіздің көрсетілетін қызметтер сапасы бойынша қандай да бір түсініктемелеріңіз немесе шағымдарыңыз болса, ол туралы бізге хабарлауыңызды

өтінеміз. Біз барлық шағымдарды тексереміз және Сізге 20 жұмыс күні ішінде жауап береміз.

- егер Сіз Ұлыбритания Елшілігінің визалық қызметі қызметкерлерінің жұмысына шағымданғыңыз келсе, шағымыңызды Мәртебелі Ханшайым Консулына жолдаңыз, Алматыдағы Ұлыбритания Елшілігінің Өкілдігі, "Самал Тауэрс", Жолдасбеков көшесі 97, А2 блогы, 9-шы қабат, Самал-2 шағын ауданы, Алматы 050051, немесе шағымыңызды **электрондық почта** бойынша жіберіңіз;
- егер Сіз Виза орталығы (VFS) қызметкерлерінің жұмысына шағымданғыңыз келсе, Сіз өз шағымыңызды тікелей оның **веб-сайты** арқылы жібере аласыз, оны өзіңіз алып келе аласыз немесе жоғарыда аталған мекен-жай бойынша Консулға жібере аласыз.

### **Егер Сізде визаңыз бойынша сұрақтар туындаса**

Өтініш берген соң 5 жұмыс күнінен кейін өз визаңыздың әзірлігін **www.vfs-uk-kz.com** сайтынан тексеруіңізді өтінеміз.

Алматыдағы Ұлыбритания Елшілігінің Өкілдігі виза мәселелері бойынша келген, **алдын ала жазылмаған** келушілерді қабылдамайды.

Виза бойынша сұрақтар туындаса, **www.vfs-uk-kz.com** сайтына кіріңіз немесе **Елшіліктің электрондық адресіне** хабарлама жазыңыз.

### **Астанадағы Ұлыбритания Елшілігі**

Ұлыбритания Елшілігі Астанаға 2006 жылғы қарашада көшті. Жаңа офис 2006 жылғы 20 желтоқсанда ресми түрде ашылды және оның ашылуының салтанатты рәсімі – 2007 жылғы 29 наурызда Лондон Сити Мэри Лордының қатысуымен өтті.

### **Елшілік қызметінің негізгі салалары**

Қазақстан Еуразия аймағындағы стратегиялық серіктес болып табылады. Екі жақты диалог көптеген салаларды қамтиды: демократияландыру, адам құқықтары, аймақтық және халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылық, энергетика және климаттың өзгеруі, инвестициялық климат, лайықты басқару практикалары, есірткі саудасына және лаңкестікке қарсы әрекет.

### **Жобалар бойынша бөлім**

Жобалар бойынша бөлім өтініштерді қарастырады, жобаларды іске асыру мониторингін өткізеді және елшілікті Қазақстандағы мақсаттар мен міндеттерді іске асыру жөнінде қолдайды. Бөлім жұмысындағы негізгі бағыттар:

- демократиялық институттарды және азаматтық қоғамды нығайту, сөз бостандығын дамыту;
- экологиялық мәселелерді (климаттың өзгеруі сияқты) шешуге назар аударылған энергетикалық сектор реформасы;
- есірткі таратуға қарсы әрекет және аймақта лаңкестікті болдырмау;
- ынтымақтастықты аймақтық деңгейде дамыту жолымен дауларды болдырмау (мысалы, су ресурстарын басқару мәселелері бойынша).

### **Сауда және инвестициялар жөніндегі бөлім**

Ұлыбритания, Қазақстан және Қырғыз Республикасы арасындағы сауданы дамыту сауда және инвестициялар жөніндегі Британ департаментін - UK Trade and Investment (UKTI) көрсететін, Ұлыбритания елшілігі жанындағы сауда және инвестициялар жөніндегі бөлімнің міндеттеріне жатады. Сондай-ақ UKTI офісі Атырау да бар.

### **Әскери бөлім**

Әскери бөлім қатынастарды дамытумен, тренингтер, ағылшын тілінің курстарын және далада өткізілетін жыл сайынғы «Дала Бүркіті» жаттығуларын қосқанда, Ұлыбританияның Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы шеңберінде семинарлар мен курстар өткізумен байланысты бірқатар міндеттерді орындайды.

### **Баспасөз және жұртшылықпен байланыстар жөніндегі бөлім**

Ұлыбритания елшілігінің баспасөз және қоғамдық байланыстар бөлімінің негізгі міндеті Қазақстан мен Қырғызстан азаматтары арасында Ұлыбритания туралы білім мен ақпаратты тарату болып табылады. Бөлім қазақстандық және қырғызстандық министрліктер мен ведомстволардан, парламенттен, жергілікті билік органдарынан, үкіметтік емес ұйымдардан және білім беру мекемелерінен көп түсетін сауалдарға жауап береді, сондай-ақ қазақстан-британдық қатынастар туралы «Британика» электрондық журналын шығарады.

### **Алматыдағы Ұлыбритания елшілігінің Өкілдігі**

Офистің негізгі міндеті Астанадағы елшілік пен Алматыдағы маңызды жалғасулар арасындағы байланыстарды қолдау болып табылады. Біз осы міндеттің Алматыда жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдармен байланыстарды дамыту, сондай-ақ энергетика саласындағы ынтымақтастық және азаматтық қоғамды дамыту сияқты, әр түрлі салаларда елшілікпен жүзеге асырылатын, түйінді жобаларға қолдау көрсету жолымен орындалуын қамтамасыз етеміз.

### **Алматыдағы Ұлыбритания елшілігінің виза бөлімі**

Визаға құжаттар тапсыру үшін Ұлыбритания елшілігінің коммерциялық серіктесі - VFS Global Ltd компаниясымен басқарылатын, Виза орталығына баруыңыз қажет. Виза бөлімі Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан азаматтары мен резиденттерінен (ел территориясында, кем дегенде, алты ай тұратын) британдық визалардың барлық категорияларына өтініштерді қарастырады, сондай-ақ Ұлыбритания Достастығы елдеріне және Ұлыбританияның Сыртқы Территорияларына визалар береді.

### **Алматыдағы Виза орталығының мекен-жайы**

Самал-1 шағын ауданы, 34, 1-ші қабат  
Алматы қ., 050000, Қазақстан

Тел. +7 (727) 2631162  
Телефон орталығы 8-809-080-40-40

### **Алматыдағы Ұлыбритания елшілігі өкілдігінің мекен-жайы**

Жолдасбеков көшесі 97, Самал-2 шағын ауданы  
Самал Тауэрс, 9-шы қабат  
Алматы 050000, Қазақстан  
Тел. +7 (727) 2506191  
Факс +7 (727) 250796

### **Астанадағы Ұлыбритания елшілігінің мекен-жайы**

Ғарышкерлер көшесі 62, РЕНКО, 6-шы қабат  
Астана 010000, Қазақстан  
Тел. +7 (7172) 556200  
Факс +7 (7172) 556211

### **Саяси байланыстар**

Ұлыбритания Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін КСРО ыдыраған соң бірден, 1991 жылғы 31 желтоқсанда мойындады. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 19 қаңтарда сол кездегі Сыртқы істер министрі Дуглас Хердтің Қазақстанға сапары кезінде анықталды. Ұлыбритания елшілігі Алматыда 1992 жылғы қазанда ашылды және 2006 жылғы қарашада Ұлыбритания елшілігі Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астанаға көшті. Лондондағы Қазақстанның елшілігі 1996 жылы ашылды.

Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап жас мемлекеттегі экономикалық және саяси реформаларды қолдау үшін, Ұлыбритания екі жақты негізде де, халықаралық ұйымдар қызметінің шеңберінде де қаржыландыру жасады.

Қазақстан біз үшін Еуразия аймағындағы стратегиялық серіктес болып табылады. Біздің диалогымыз көптеген салаларды, соның ішінде демократияландыру, адам құқықтары, аймақтық және халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылық, инвестициялық климат, лайықты басқару практикалары, есірткі саудасына және лаңкестікке қарсы әрекет сияқты мәселелерді қамтиды. Тіпті жақында энергетикалық қауіпсіздік саласында ынтымақтастықты бастау туралы принциптік келісімге қол жеткізілді.

Қазақстан халықаралық бірлестік мүшелерінің өз міндеттемелерін орындауына жауапкершілікпен қарады. Біз Қазақстанның 1992 жылы ядролық қарудың таратылмауы туралы Шартқа қосылғанын және соның ізінше орындалған ядролық қаруды жоюын құптадық. Біз Қазақстандағы елдің ядролық мұрасын жеңумен байланысты екі ірі жобаны қолдап, бұл процеске өз үлесімізді қосуға тырыстық. Жобалардың біреуі Семей полигонының жерлерін қалпына келтірумен байланысқан, ал екіншісі Ақтаудағы ядролық реакторды қолданыстан шығаруда көмек көрсетуді көздейді.

Сондай-ақ Қазақстан Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсету үшін өзінің әуе кеңістігін және базасын ұсынуға әзірлігі туралы мәлімдеді. Сонымен қоса, біз үкіметтің қазақстандық бітімгерлерді Иракқа жіберу туралы шешімін

құптадық, онда олар елді қалпына келтіруге көмектеседі. Олардың болашақта бітімгерлік операцияларға қатыса алуы үшін, біз өз тарапымыздан Қазақстанның бітімгерлік күштерін (Казбат) дайындау процесіне қатысамыз.

### **Екі жақты байланыстар**

2007 жылы бірқатар сапарлар жоғары деңгейде болды. Сәуірде - Лондон Сити Мэрі Лордының сапары, қазанда – Герцог Йоркский Ұлыбританияның халықаралық сауда және инвестициялар жөніндегі арнайы өкілі ретінде Қазақстандық Халықаралық мұнай және газ көрмесіне қатысты.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлыбританияға сапары 2006 жылғы қарашада болды, сапар барысында ол Елизавета II ханыммен, премьер-министрмен және қаржы министрімен кездесті.

2006 жылы Ұлыбританияға Қазақстанның Сыртқы істер министрі, Ауыл шаруашылығы және Энергетика министрлері келді. Осы жылы Қазақстанға Герцог Йоркский және Еуропа істері жөніндегі министр Джефффри Хун барды.

2004 жылы Қазақстанға сол кездегі Сыртқы істер министрі Джек Строу және Үкіметтің сауда және инвестициялар жөніндегі арнайы өкілі Брайан Уилсон барды.

Соңғы жылдары парламентаралық байланыстар да тұрақты дамып келеді. Екі елдің де парламентінде британ-қазақстандық топтар жұмыс істейді. Соңғы парламентаралық сапар 2004 жылғы қазанда болды, ол кезде британдық депутаттар тобы Астанаға, Алматыға және Шымкентке барды.

**Британ-Қазақстандық Қоғам** 2003 жылы құрылды. Қауымды басқарушылар Жоғары Мәртебелі Герцог Йоркский және Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болды.

Қазақстан-Британ Техникалық Университеті 2001 жылы жас қазақстандықтарды қазіргі экономиканы дамыту, мұнай-газ саласында және басқа салаларда жұмыс істеу үшін қажетті біліммен және іскерлікпен қамтамасыз ету мақсатында ашылды. Университет Ұлыбритания Премьер-министрінің және Президент Назарбаевтың ұйымдастыруымен құрылды. Курстар бағдарламасына және оқытуға бірнеше британдық университет белсенді қатысты, ал Шелл және Бритиш Газ компаниялары университет жанында Магистрлік бағдарламалар мектебінің құрылуына елеулі үлес қосты.

### **Сауда және инвестициялар**

Ұлыбритания Қазақстан экономикасына салған инвестицияларының көлемі бойынша екінші орын алады, және оның үлесіне тікелей шет елдік инвестициялардың 14%-ы келеді. Қазақстанда 100-ден астам компаниялар жұмыс істейді, олар не толығымен британдық болып табылады, не британдық серіктестермен бірлесіп құрылған.

Ұлыбритания сауда көлемдері бойынша Қазақстанның үшінші еуропалық серіктесі болып табылады.

Қазақстандағы британдық компаниялар қызметінің негізгі саласы мұнай-газ саласы болып табылады. Олардың қатарында Бритиш Газ, Бритиш Петролеум және Шелл, сондай-ақ көптеген ірі емес сервистік компаниялар мен жеткізушілер бар.

Британдық компаниялардың елеулі саны қызметтер көрсету секторында, мысалы, консалтингтік, банктік және заңгерлік қызметтер көрсетеді. Британдықтар азаматтық авиация саласында да көрінеді, онда British Airspace компаниясы Air Astana ұлттық тасымалдаушысын құруға қатысты және акцияларының 49% иеленеді. Сондай-ақ британдық компаниялар темекі бұйымдарын өндіру, түсті металдар өндіру, білім беру қызметтерін көрсету саласында және басқа секторларда жұмыс істейді.

1995 жылы экономикалық қатынастарды дамыту үшін Қазақстан-Британ Сауда-өнеркәсіптік Кеңесі құрылды. Ұлыбритания тарапынан BG International Вице-президенті Чарлз Бланд ортақтас төраға болып табылады. Премьер-министрдің орынбасары Сауат Мыңбаев – Қазақстан тарапынан ортақтас төраға.

Экономикалық байланыстарды нығайту бойынша стратегия шеңберінде, сауда және инвестициялар жөніндегі Британ Департаменті (**UK Trade and Investment**), Батыс Қазақстанда Сауда және инвестициялар жөнінде офис ашты. Сондай-ақ UK Trade and Investment Қазақстанға ортақ мүддемен біріктірілген Топты (KOGIG UK) құрды, ол Қазақстанның мұнай-газ секторындағы британдық сауда-инвестициялық мүдделерді кеңінен және белсенді қолдайтын болады.

Қазақстанның үш негізгі мұнай-газ саласының басшылары мемлекеттік және жеке салалардағы ынтымақтастықты қолдау мақсатында байланыстарды дамыту үшін Абердин Қалалық Кеңесімен ынтымақтастық туралы Меморандумдарға қол қойды.

Соңғы бірнеше жыл бойы Қазақстан үкіметі, тікелей шет елдік инвестициялардың және экономикалық өсудің елдің дамуымен үйлесуін қамтамасыз етуге тырысып келеді. Жергілікті компаниялар потенциалын дамытуға және қазақстандық мамандарды дайындауға үлкен көңіл бөлінеді. Ұлыбритания да жиырмамыншы ғасырдың 70-ші жылдарында осындай даму кезеңінен өтті, сол кезеңде бар болғаны он жылдың ішінде ел ұсақ мұнай жеткізушіден ел аумағынан тыс екінші ірі өндірушіге айналды. Біздің тәжірибеміздің негізінде, қазір біз Қазақстан үкіметімен республика алдында тұрған міндеттердің аса жақсы шешімінің қандай болатынын талқылаймыз.

Бұл процестегі түйінді элементтер жергілікті мамандарға білімі мен іскерлігін беру және оларды дайындау болып табылады. Біз Алматыда Қазақстан-Британ Университетінің ашылуын қолдадық, бұл игі істі Ұлыбритания Премьер-министрі және Президент Назарбаев басқарды. Шелл және Бритиш Газ компаниялары Магистрлік бағдарламалар мектебін құруға едәуір қаржы инвестициялады, ал бірнеше британдық университет оқу курстарын әзірлеуге қатысады.

Экономиканы әртараптандыру және мұнай-газ салаларын дамыту күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелер болып келеді. Үкімет енді тұрақты экономиканы дамыту үшін мұнай саласының кірістерін пайдалану Қазақстан үшін басты ұзақ мерзімді басымдылық болып келетінін мойындап, бұл проблемаға аса стратегиялық көзқараспен қарайды. Қазақстан үкіметі әртараптандыруға

едәуір қаржы жұмсауды көздеп отыр, бұл британдық компаниялардың алдында жаңа мүмкіндіктер ашады.

Энергетика саласындағы ынтымақтастық

Бұрын Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастықтың басты назарында мұнай мен газ өндіру және оларды сату мәселелері тұрған. Бірақ енді біздің ыңғайымыз энергетика саясатын стратегиялық тұрғыдан көруге негізделеді.

"Our Energy Future - Creating a Low Carbon Environment" Ақ кітабында баяндалған, Ұлыбритания үкіметінің жаңа энергетика саясаты 2003 жылы жарияланды. Ұлыбританияның сыртқы саясаттағы басымдылықтарына қатысты айтсақ, 2004 жылғы қазанда Сыртқы істер министрлігі "Ұлыбританияның халықаралық басымдылықтары: Энергетика саласындағы ынтымақтастық" баяндамасын шығарды. Екі құжат та Ұлыбританияның энергетикалық қауіпсіздік саласындағы ел үшін басым міндеттерді түсінетінін сипаттайды. Солтүстік теңіздегі мұнай мен газ қорлары азайып келеді, және 2006 жылдың өзінде Британия газды импортқа шығара бастады, ал 2010 жылға қарай ірі мұнай импортері болады. 2020 жылға қарай елдің негізгі энергетикалық қажеттіліктерінің 75%-ға жуығы импортқа шығарылатын көздерден жабылатын болады деп күтіледі. Сонымен бірге энергетикалық ресурстардағы әлемдік қажеттіліктер де артатын болады.

Сонымен, біздің ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделеріміз мұнай мен газ өндірісін әлемдік масштабтарда ұлғайтумен, сондай-ақ сенімді және тұрақты жеткізу көздерін қамтамасыз етумен байланысты.

Жалпы алғанда Каспий аймағы, және атап айтқанда Қазақстан, осы мақсаттарға қол жеткізуде маңызды роль атқаратын болады. Алайда жеткізілетін мұнай көлеміне қатысты, Каспий ешқашан да Таяу Шығыстың орнын баса алмайды, соған қарамастан, бұл аймақ рыноктардың өтелімділігін және жеткізу көздерінің алуан түрлілігін қамтамасыз етуге қатысты, түйінді аймақ болып табылатын болады.

Біздің мақсатымыз қазақстандық мұнайды рыноктарға жеткізуде Қазақстанға көмектесу болып табылады. Мұнда қолайлы инвестициялық климатты қамтамасыз ету және сауда жолдарының қауіпсіздігі сияқты мәселелер өз ролін атқарады.

Ұлыбританияның энергетика саясатының тағы бір маңызды аспектісі климат өзгеруінің жағымсыз салдарларын болдырмау болып табылады. Біз климаттың өзгеруі – бұл адамның шешуі керек болатын, аса маңызды экологиялық проблема деп санаймыз. Біздің Ұлыбританиядағы мақсатымыз 2050 жылға қарай CO<sub>2</sub> лақтырыстарын қазіргі көрсеткіштермен салыстырғанда, 60%-ға азайту болды. Ол үшін біз жаңартылатын көздерді дамытуды жалғастыратын және энергияны пайдалану тиімділігін арттыратын боламыз. Мысалы, біз 2020 жылға қарай Британиямен пайдаланылатын энергияның жаңартылатын көздерден түсуін қамтамасыз етуді көздеп отырмыз.

Әрине, бұл жерде біз жалғыз әрекет етпейміз – климаттың өзгеруіне қарсы әрекет ұзақ мерзімді бағдарламаларды талап етеді. Ұлыбритания 2005 жылы

"Үлкен сегіздікте" төрағалық еткенде, біз күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің біреуіне климаттың өзгеруін қоюды көздеп отырмыз.

Біз осы мақсаттарға қол жеткізуде Қазақстан да маңызды роль атқара алады деп есептейміз. Қазіргі уақытта, әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда, республика парникті газдың үлкен лақтырыстарын шығармайды. Бірақ сонымен бірге Қазақстан елі теңдессіз жағдайда болып отыр, онда экономиканың жылдам дамуы және кірістердің өсуі жағдайында энергия өндіру бойынша көптеген қондырғыларды ауыстыру қажеттілігі пайда болады, және онда оның жаңартылатын көздерін дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер бар.

Осы себептермен, сондай-ақ Қазақстанның Киот хаттамасына қосылуындағы мүдделілікті есепке алып, біз Қазақстанды климаттың өзгеруіне қарсы әрекет мәселелерінде маңызды серіктес деп санаймыз. Біздің ынтымақтастығымыз шеңберінде біз:

- Қазақстан үкіметімен энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы тегіс қамти алатын диалогты орнату туралы принциптік уағдаластыққа қол жеткіздік;

- энергетикалық сектор реформасы саласындағы масштабтық жобаны қаржыландырамыз, оның шеңберінде ОТАС компаниясының британдық кеңес берушілері қазақстандық зерттеу құрылымдарымен бірлесіп жұмыс істейді. Бұл жобаның негізгі мақсаты энергияны аса тиімді пайдалану үшін мүмкіндіктерді зерттеу болып табылады;

- Ұлыбритания Премьер-министрінің өндіруші салалардан түсетін кірістердің айқындылығы бойынша Бастамасын қолдаймыз және қазақстандық қоғамның қатысуын ынталандырамыз;

- **Климаттың өзгеруі жөніндегі Үйлестіру Орталығының** Қазақстанның Киот хаттамасын бекіту мәселелеріне арналған зерттеуді дайындауын қаржыландырдық;

- энергияны тиімді және қауіпсіз пайдалануға біздің ыңғайымызды зерделеу үшін Қазақстанның Қоршаған ортаны қорғау министрінің және Энергетика Вице-министрінің Ұлыбританияға сапарына бастамашы болдық;

- қазақстандық оқушылар үшін экологиялық білім беру жобасын қаржыландырамыз, оның басты элементтерінің бірі климаттың өзгеруі бойынша оқу құралдарын жасау болды;

- Қазақстан үкіметінің және жұртшылығының өкілдері үшін лақтырыстар саудасы мәселелері бойынша семинарлар өткіземіз.

Жобалар және қаржыландыру

Астанадағы Ұлыбритания елшілігінің миссиясы - "Better Britain, Better World".

Өзінің миссиясын орындау мақсатында Елшілік екі елде де бірқатар бағдарламаларды іске асырады, олардың басым бағыттары мыналар болып табылады:

- адам құқықтары және лайықты басқару практикалары – демократиялық институттарды және азаматтық қоғамды нығайту, сөз бостандығын дамыту;

- энергетика саясатының тиімділігі және климаттың өзгеруі - экологиялық мәселелерді (мысалы, климаттың өзгеруі сияқты) шешуге назар аударылған энергетикалық сектор реформасы;

- дауларды болдырмау – ынтымақтастықты аймақтық деңгейде (мысалы, су ресурстарын басқару мәселелері бойынша) дамыту жолымен дауларды болдырмау.

Сондай-ақ жоғарыда аталған бағдарламалардан басқа Елшілік сол басым міндеттерге жауап беретін, шағын жобалардың кең спектрін қолдайды.

Біз басқа донорлармен бірлесіп жоғарыда аталған тақырыптар бойынша жобаларды қаржыландыру мүмкіндіктерін талқылауға дайынбыз.

Сіздерге жобалық тапсырыстарды ерте кезеңде беруге кеңес береміз. Бұл жағдайда жоба бөлімінің қызметкерлері сіздің идеяларыңыздың британдық Сыртқы істер министрлігінің мақсаттары мен міндеттеріне барынша көп сәйкес келуі, және сіздің сәйкес қаржыландыруды алуыңыз үшін, тапсырыс берудің ең жақсы нысанын көрсетіп, кеңес бере алады.

Қосымша ақпарат алу үшін:

екінші хатшы (аймақтық энергетика саясаты) **Мартин Чайлдпен** +7 (7172) 556205;

үшінші хатшы (саяси мәселелер бойынша) **Джеки Кэрроллмен** +7 (7172) 556229;

адам құқықтары жөніндегі жобаларды үйлестіруші **Лейла Йылдызбен** +7 (7172) 556230;

энергетика жөніндегі жобаларды үйлестіруші **Гаухар Қыдырхановамен** +7 (7172) 556210 хабарласыңыз.

**britishembassy@mail.online.kz**

Әскери ынтымақтастық

Ұлыбритания Елшілігі жанындағы әскери бөлім 2001 жылғы 16 шілдеде ашылды. Қазақстан Лондон елшілігіндегі әскери атташені 2001 жылғы күзде тағайындады.

Әскери атташе подполковник Фитцгиббон болып табылады.

Әскери атташе Ұлыбритания әскерінің Бас штабы Қолбасшысының жеке өкілі болып табылады және бірқатар міндеттерді орындайды, оны ассистент, Корольдік Әуе Күштері Сержанты, Джон Агню, сондай-ақ Ольга Протасова және Владимир Воробьев қолдайды. Олардың міндеттері мынадай:

- Ұлыбританияның Мәртебелі Ханымының елшісіне барлық қорғаныс мәселелері бойынша жалпы жағдай туралы дер кезінде ақпарат беру және кеңес беру;

- Ұлыбританияның Қазақстан Республикасымен байланыстарын және әскери ынтымақтастығын дамыту;

- қорғаныс саласындағы мониторинг;

- жоғары қызметтегі лауазымды тұлғалардың ресми сапарларын үйлестіру;

- екі жақты бағдарламаларды үйлестіру.

**Қорғаныс байланыстары**

Құрама Корольдік және Қазақстан Республикасы арасындағы қорғаныс байланыстарын дамытудағы негізгі оқиғалар:

- 2003 жылғы қаңтарда Қазақстанның Қорғаныс министрінің Ұлыбританияға алғашқы ресми сапары болды. Министр Ұлыбританияның Қорғаныс министрімен, парламент мүшелерімен және әскери ведомствоның жоғары қызметтегі өкілдерімен жоғары деңгейде өткен бірқатар кездесулерге қатысты;

- қорғаныс жөніндегі мемлекеттік Хатшы Дерек Твигг мырза 2008 жылғы қыркүйекте Қазақстанға келді. Қазақстанның жаңа тағайындалған Қорғаныс министрімен Ахметов мырзамен өзекті мәселелер талқыланды, сондай-ақ Твигг мырза «Дала Бүркіті» Жаттығуларына қатысқан, қазақстандық және британдық әскерлермен кездесті;

- 2003 жылғы наурызда Алматыда Ұлыбритания мен Қазақстанның Екі жақты жұмыс тобы қызметінің басталуын білдіретін, бірінші мәжіліс өтті, ол жыл сайын кездесуін жалғастырып келеді;

- британдық қарулы күштер жыл сайынғы «Дала Бүркіті» әскери жаттығуларына 2004 жылдан бастап қатысты. Биылғы жылы жаттығуларға «Мерсиан» Жаяу Әскерлер Полкының 4-ші батальонынан 100 әскери қызметкер қатысады. Жаттығуларға енді АҚШ-та қатысады, және халықаралық бітімгерлік операцияларына «Казбриг» қазақстандық бітімгерлік бригадасының қатысуға әзірлігін бағалауға ерекше маңыз беріледі. Бағалауды НАТО жүргізеді. «Казбригтің» бір ротасы 2006 жылы сәтті бағаланды, және батальон НАТО-мен Қазақстандық Серіктестік Әрекеттерінің Жеке Жоспарына сәйкес 2008 жылғы қыркүйекте бағалаудан өтуі тиіс.

Ұлыбритания біздің екі жақты әскери қатынастарымызды мына салаларда дамытатынына сенеді:

- Қазақстан Республикасының Аэромобильдік Әскерлерімен ұзақ ынтымақтастық;

- Чехия Республикасы, Вышков қ. орналасқан, Британдық Әскери Кеңес беру Жаттықтыру Тобында қазақстандық нұсқаушыларды бітімгерлік операциялары бойынша дайындау;

- ағылшын тілін үйрету.

Екі жақты әскери ынтымақтастық бағдарламасы

Бірлескен оқу шаралары – семинарлар мен курстар, өзара қатысу және әскери дайындық кешенін білдіретін, екі жақты әскери ынтымақтастық бағдарламасы, Ұлыбританияның Қорғаныс министрлігі және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы келісім бойынша жүргізіледі.

Бұл Ұлыбритания үкіметінің OUTREACH ауқымды көмек көрсету Бағдарламасының бір бөлігі ғана. Ұлыбританияның Қорғаныс министрлігінің өкілі ретінде Әскери атташе бірлескен шаралар өткізуге қатысты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен байланысты жүзеге асырады.

Ұлыбритания мен Қазақстанның екі жақты Жұмыс тобы жыл сайын Бағдарлама және қызметті кейінгі 12 айға келісу шеңберіндегі міндеттерді анықтау мақсатында мәжіліс құрады. Осы екі жақты Бағдарлама шеңберінде Қазақстаннан келген офицерлер және сержанттық құрамның мүшелері Ұлыбританияда да, Чехияда орналасқан Британ оқу орталығында да өткізілген, бірқатар семинарлар мен курстарға қатысты.

**Ағылшын тілін Үйрету Бағдарламасы**

OUTREACH көмек көрсету жалпы Бағдарламасының негізгі бағыты ағылшын тілін үйрету бағдарламасы болып табылады, ол Ұлыбританияның Қорғаныс министрлігінің тапсырмасы бойынша Алматыдағы Британ Кеңесімен үйлестіріледі.

«Әскери тұлғаларға арналған ағылшын тілі» жобасы әскери офицерлер мен қауіпсіздік күштері офицерлері үшін ағылшын тілін оқытудың тұрақты жүйесін құруға және дамытуға бағытталған. Бағдарламаның мақсаты офицерлерді басқа оқу бағдарламаларына қатысуға дайындау, сондай-ақ олардың аймақтық және халықаралық бітімгерлік операцияларға, стихиялық апаттардың салдарын жою бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі операцияларға белсенді қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Алматыда әскери тұлғаларға арналған ағылшын тілі бойынша бірнеше семинар сәтті өтті. Оларға Қазақстанның барлық аймақтарынан 40 ағылшын тілінің оқытушысы қатысты. Әскери офицерлер Ripon & York St. John университетінің колледжінде әскери тұлғалар үшін ағылшын үйретудің 12 апталық курсынан өтті. Оқу кезеңінде Қазақстаннан келген офицерлер ағылшын отбасыларында өмір сүрді.

Енді «Әскери тұлғаларға арналған ағылшын тілі» жобасы Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне өзінің пайдасын әкеліп жатыр. Қазақстанның әр түрлі қалаларындағы әскери бөлімдер жанындағы оқу орталықтарында, сондай-ақ Астана қ. Қорғаныс министрлігінде ағылшын тілін зерделеу үшін компьютер жабдықтары орнатылған, оларға білім алушылардың еркін қатынасы бар. Бұл енді ҚР Қорғаныс министрлігімен бақыланады.

Осы бағдарламаның басқа орталықтарға да кеңейтілуі жоспарланып отыр. Осындай оқу орталықтарын ашу және ҚР Қорғаныс министрлігінің ағылшын тілін зерделеу үшін жағдайлар жасауы нәтижесінде НАТО STANAG біліктілік жүйесі бойынша ағылшын тілін меңгерудің 1 және 2-деңгейіне қол жеткізген офицерлер мен кадеттер саны көбейді, ол Қазақстандық Серіктестік Әрекеттерінің Жеке Жоспарына өз үлесін қосады.

#### Білім және мәдениет

British Council 1994 жылдан бастап Қазақстанда болып табылады. Ол ағылшын тілін оқыту әдістемесі, білім, ғылым, өнер және мемлекеттік басқару салаларында жұмыс істейді. British Council Кембридждік IELTS стандарты бойынша ағылшын тілі бойынша емтихандарды ұсынады және Ұлыбританияда оқуды қалайтын, қазақстандық студенттерге кеңестер береді.

British Council-мен өнер саласында жүргізілетін бағдарламалар Қазақстанда қазіргі Британия өнерінің барлық спектрін көрсетуге бағытталған.

British Council Ұлыбританияның Сыртқы істер министрлігімен қаржыландырылатын, **Chevening** стипендиялары бағдарламасын басқарады.

2002 жылы Қазақстан-Британ Техникалық Университеті ашылды, ол мұнай-газ секторы үшін жоғары білікті мамандар даярлаумен айналысады. Университеттің негізі Қазақстан үкіметімен қаланған және British Council-мен және бір топ британдық университеттермен, бірінші кезекте Роберт Гордон Университетімен тығыз қызмет істейді.

**Ұлыбритания елшілігінің веб-сайтына қош келдіңіздер!**

Мұнда жиналған материалдармен танысып, сіз елшілік қызметінің әр түрлі бағыттары, біз көрсете алатын қызметтер туралы және Ұлыбритания елшілігінің Қазақстандағы және Қырғызстандағы ролі туралы білесіз.

Сондай-ақ біздің веб-сайтымызда британдық ұйымдардың сайттарына сілтемелерді таба аласыз, олар Сіздің Құрама Корольдік туралы әрі қарай ақпарат табуыңызға көмектеседі.

### **Пол Браммелл, Қазақстандағы және Қырғызстандағы Ұлыбритания елшісі Виза мәселелері**

Өтініш берген соң 5 жұмыс күнінен кейін өз визаңыздың әзірлігін [www.vfs-uk-kz.com](http://www.vfs-uk-kz.com) сайтынан тексеруіңізді өтінеміз.

Алматыдағы Ұлыбритания Елшілігінің Өкілдігі виза мәселелері бойынша келген, алдын ала жазылмаған келушілерді қабылдамайды.

Виза бойынша сұрақтар туындаса, [www.vfs-uk-kz.com](http://www.vfs-uk-kz.com) сайтына кіріңіз немесе **Елшіліктің электрондық адресіне: [AlmatyVisaGeneral@fco.gov.uk](mailto:AlmatyVisaGeneral@fco.gov.uk)** хабарлама жазыңыз.

### **Жұртшылықпен байланыстар**

Ұлыбритания елшілігінің баспасөз және қоғамдық байланыстар бөлімінің негізгі міндеті біздің елдеріміз арасындағы өзара түсіністікті тереңдету және достық байланыстарды нығайту мақсатында Қазақстан мен Қырғызстанға Ұлыбритания туралы ақпарат беру болып табылады.

### **Бұқаралық ақпарат құралдарына (БАҚ) арналған қызметтер**

Бөлімнің негізгі міндеттерінің бірі Ұлыбритания елшілігінің жұмысын түсіндіру болып табылады. Біз елшілік қызметі туралы баспасөз-релиздерін жүйелі шығарып тұрамыз, елшілік қызметкерлері және Лондоннан келген ресми қонақтар үшін интервью және баспасөз конференцияларын ұйымдас-тырамыз.

Біз БАҚ-қа Ұлыбритания, британ-қазақстандық қатынастар және елшілік-тің жұмысы туралы ақпарат беруге әрқашан қуаныштымыз. Сондай-ақ біз британдық саясаткерлердің сөйлеген сөздерін және халықаралық өмірдің негізгі мәселелері бойынша мақалаларды береміз.

Біз телеарна компанияларының Британдық спутник жаңалықтарына жазылуына жәрдемдесе аламыз. Біз баспасөз баспасына Лондондық баспасөз қызме-тімен дайындалған мақалалар мен фотосуреттерді тегін береміз. Сондай-ақ баспалық басылымдар редакторлары бізге оларды қызықтыратын Ұлыбрита-ниямен байланысты тақырып бойынша мақалаларға тапсырыс бере алады. Мұндай мақалалар тапсырысқа әзірленеді және тегін беріледі.

### **Басқа қызметтер**

Біздің бөлім қазақстандық және қырғызстандық министрліктер мен ведомстволардан, парламенттен, жергілікті билік органдарынан, үкіметтік емес ұйымдардан және білім беру мекемелерінен және жеке азаматтардан түсетін сауалдарға жауап береді.

Бізге алуан түрлі сұрақтар қояды – «британдық сот ісін жүргізу жүйесі қалай жұмыс істейді» сұрағынан бастап «Ұлыбританиядан хат-хабар алу арқылы қалай дос табуға болады» сұрағына дейін, және біз олардың әрқайсы-сына жауап беруге тырысамыз.

Сондай-ақ бөлім Сыртқы істер министрлігімен және Ұлыбританияның басқа ұйымдарымен шығарылатын, буклеттер мен брошюраларды таратумен айналысады.

Біздің бөлім «Британика» электрондық журналын шығарады, онда Ұлыбританиядағы өмір және британ-қазақстандық қатынастар саласындағы оқиғалар туралы алуан түрлі материалдарды табуға болады. Біз Британия қызықтыратын авторларды ынтымақтастыққа шақырамыз.

Сондай-ақ баспасөз және жұртшылықпен байланыстар жөніндегі бөлім Елшіліктің веб-сайтын қолдайды.